

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 6 мамырдағы N 3-1-1017қ "Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияны құру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы (мемлекеттік тіркеу нөмірі 331)

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 3-1-1826қ қаулысы.
Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 19 қарашада N 361 тіркелді

Ескерту: Қаулының күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 15 тамыздағы N 23-7-603қ қаулысымен .

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 6 мамырдағы N 3-1-1017қ "Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияны құру туралы" қаулысына (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 31 мамырда N 331 болып тіркелген; 2004 жылғы 5 маусымдағы N 73 "Астана хабары"; 2004 жылғы 5 маусымдағы N 71-72 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін және Астана қаласы мәслихатының бекітуіне жіберілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының 1-қосымшасында :

Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның құрамына Астана қаласы әкімінің кеңесшісі - Түсіпбаев Мұрат Рысалдыұлы енгізілсін;

Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның құрамынан Астана қаласы әкімі аппаратының экономикалық талдау және мониторинг бөлімінің бас маманы - Малаев Нұрлан Серікұлы шығарылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Толыбаевқа жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

Қаржы департаментінің директоры

*Әкім аппараты құжаттамалық
сараптама бөлімі меңгерушісінің
міндетін атқарушысы*

*Экономика, сауда және кәсіпкерлік
департаментінің директоры*

*Еңбек, халықты жұмыспен
қамту және әлеуметтік қорғау
департаменті бастығының
міндетін атқарушысы*